

Қарабұлақ селосына жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2012 жылғы 8 тамыздағы № 5С-8/3 шешімі. Ақмола облысы Степногорск қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 28 тамызда № 1-2-168 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2013 жылғы 3 мамырдағы № 5С-16/10 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 03.05.2013 № 5С-16/10 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография мен пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабының 8 тармағына, «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысының 2 тармағына сәйкес Степногорск қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қарабұлақ селосына жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларының түрлері ұсынылсын:

- 1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;
- 2) тұрғын үй сатып алу немесе құрылысы үшін әлеуметтік қолдау – бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

сессиясының төрағасы

*Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т
Х.Шакенов*

Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т т ы ң

хатшысы

Ғ.Көпеева

«КЕЛІСІЛДІ»

Степногорск қаласының әкімі

М.Тақамбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК